

**Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына**

**ПІКІР**

«М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациялық жұмыста әлемге танымал екі жазушының шығармалары салыстырыла отырып талданып берілген. Алғашқы тарауы «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы адам және табиғат концептісі» деп аталып, әдебиеттанудағы макро және микро концептілердің теориялық негіздері сараланған. М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығында олардың көрінуі нақтылы мысалдармен талданып берілген. Аталған тарауда зерттеуші табиғат пен адам арасындағы байланыстың концептілермен берілуін және олардың ұлттық ерекшеліктеріне назар аударып отырып талдаған.

Диссертант нақтылы мысалдар арқылы жекелеген ұғымдардың концептілік аясы ашып, кестелерге салып дәлелді түрде көрсете алған. Классик жазушылар тіліндегі концептілік мәселелердің көркемдегіш құралдар арқылы көрінуі және жазушылардың өздеріне ғана тән стильдік ерекшеліктері талданып берілген.

Диссертациялық еңбектің «М. Әуезов және Э. Хемингуэй: рухани үндестік пен жазушылық таным» деп аталатын тарауындағы «М. Әуезов және Э. Хемингуэй шығармаларындағы жалпы адамзаттық құндылықтар», «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығында кейіпкер бейнесін сомдаудағы психологизм», «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығындағы көркемдік таным үйлесімділігі» бөлімдерінде зерттеуші М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы көркем бейнелердің сомдалуы салыстыра отырып концептілік категориялар негізінде талдайды.


Зерттеу барысында диссертант концептілік категориялардың теориялық негіздеріне байланысты жазылған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі негізгі тұжырымдарды саралап, өз ой-пікірлерін түйіндеп отырған.

Қорытындылай келе, Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбында жазылған диссертациясы үшін «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Торайғыров университетінің  
профессоры, ф.ғ.к.**

Қолын растаймын  
подпись Капасова Б. Қ. заверяю  
HR-қызметі Б. Қ.

Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университеті»



**Капасова Б. Қ.**